

"Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандығы № 55-І және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндеттін атқарушының 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 305 бұйрықтарына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2025 жылғы 24 шілдедегі № 230 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 шілдеде № 36514 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теңіз портының капитаны туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 10 ақпандығы № 55-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2729 болып тіркелген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз портының капитаны туралы ережеде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндеттін атқарушының 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 305 бұйрығымен бекітілген шарттардың (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35095 болып тіркелген) сақталуын бақылау және қадағалау.".

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік министрінің міндеттін атқарушының 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 305 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35095 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттары (бұдан әрі – шарттар) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрі

H. Сауранбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрі  
2025 жылғы 24 шілдедегі  
№ 230 Бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Көлік министрлінің міндестін  
атқарушының  
2024 жылғы 18 қыркүйектегі  
№ 305 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме еkipажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттары**

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме еkipажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттары (бұдан әрі – Шарттар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заң) 25-бабының 2-тармағына және "Ішкі су көлігі" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Ішкі су көлігі туралы заң) 34-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын

көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттарын айқындайды.

2. Осы Шарттар сақталған кезде Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүзетін кемеге жұмысқа қабылдау "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Халықтың көші-қоны туралы заңы), "Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс қүшін тартуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдардың тізбесін айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1041 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

## **2-тaraу. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін теңіз кеме экипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттары**

3. Шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемеге жұмысқа мынадай шарттар сақталған жағдайда қабылданады:

1) Теңізшілерді даярлау мен дипломдау және вахта жұмысын атқару туралы 1978 жылғы Халықаралық конвенцияның (бұдан әрі – ТДВА), Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы Заңың 24-бабының және "Кәсіби диплом ұлгілерін, кәсіби диплом растамасын, теңізшілерге диплом беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 504 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 15577 болып тіркелген) (бұдан әрі – Теңізшілерді дипломдау қағидалары) талаптарына сәйкес кәсіптік дипломының не кәсіптік дипломды растауының болуы;

2) ТДВА талаптарына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша осындай жұмысқа жарамдылығын растайтын медициналық қуәліктің немесе "Кеме экипажы мүшелерін медициналық қарап-тексеру қағидаларын, олардың денсаулығы мен дene жарамдылығына қойылатын талаптарды, сондай-ақ медициналық қорытындының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндеттін атқарушысының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 364 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 11546 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша берілген медициналық комиссия қорытындысының болуы;

3) "Теңізшілердің жеке қуәліктері туралы 1958 жылғы конвенцияны қайта қарайтын Конвенцияны (№ 185 Конвенция) ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы талаптарына сәйкес берілген теңізшінің жеке қуәлігінің болуы;

4) қазақстандық кадрларды оқыту және бейімдеу үшін тәлімгерлікті жүзеге асыру;

4. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды кемеге жұмысқа қабылдау кемеде бос жұмыс орындары болған және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 103-

бабына сәйкес ішкі еңбек нарығында жекелеген кәсіптер мен біліктіліктер бойынша қызметкерлерге сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігі болмаған кезде жүзеге асырылады.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін ішкі су көлігі әкипажының құрамына шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіру мүмкіндігінің шарттары**

5. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар кеме капитаны, кеме капитанының аға қөмекшісі, аға механик және радио мамандары лауазымдарына тағайындалмайды.

6. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар мынадай шарттар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туымен жүзетін кемеге жұмысқа қабылданады:

1) Ишкі су көлігі туралы Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабына және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 355 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11234 болып тіркелген) сәйкес кәсіптік дипломының болуы;

2) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) 073/у нысаны бойынша медициналық комиссияның қорытындысының болуы;

3) шетелдіктер үшін – жарамды шетелдік паспорт, бұл ретте Қазақстан Республикасы мемлекеттерімен келудің және болудың визасыз тәртібі туралы келісім жасалмаған шетелдіктер үшін Халықтың көші-қоны туралы заңының 6-бабына сәйкес қосымша тиісті виза болуы қажет;

азаматтығы жоқ адамдар үшін – азаматтығы жоқ адамның қуәлігі немесе азаматтығы жоқ адамның құқықтық мәртебесін растайтын, шет мемлекет берген шетелдік паспорт болуға тиіс.